

иммунитеттің әлсіреуі студенттің белсенділігін төмендетеді. Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы күйзелісте жүру жүйке жүйесіне салмақ түсіріп, эмоционалдық тұрақсыздықты тудыру ықтимал.

Қорытындылай келе, студенттік кезеңде еңбекке араласу – жас адамның тұлғалық дамуына, тәжірибе жинақтауына және болашақ маман ретінде қалыптасуына үлкен мүмкіндік береді. Бұл процесс арқылы студент жауапкершілікке, уақытты тиімді басқаруға және қаржылық сауаттылыққа үйренеді. Дегенмен, оқу мен жұмысты қатар алып жүру белгілі бір қиындықтар туғызып, сабақ үлгеріміне де, денсаулық жағдайына да кері әсер етуі мүмкін.

Сондықтан ең маңыздысы – осы екі бағыттың арасындағы дұрыс тепе-теңдікті сақтау. Уақытты тиімді жоспарлау, демалыс режимін ұстану және денсаулыққа мән беру арқылы студент өз мақсатына жетіп, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптаса алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Qazstat. Білім беру, ғылым және инновациялар статистикасы. [Электрондық ресурс] – Астана, 2025. – Қолжетімділік: <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/304823/>
2. Egemen Qazaqstan. Қоғам. [Электрондық ресурс] – Астана, 2025. – Қолжетімділік: <https://egemen.kz/article/387493-zhastar-arasyndaghy-dgumyssyzydyq-ali-de-ozekti-masele>
3. ScienceDirect. Elsevier. Labour Economics. [Электрондық ресурс] – 2026. – Қолжетімділік: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0927537104001149?utm_source=chatgpt.com

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР МЕН АҒА БУЫН: КӨЗҚАРАС ҚАЙШЫЛЫҒЫ МА, ӘЛДЕ ДАМУ КЕЗЕҢІ МЕ?

Әбдіғалым Ә.Қ.

Математика және ақпараттық технологиялар
кафедрасының студенті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан
e-mail: karakatbdigalym@gmail.com

Ғылыми жетекші: саясаттану және әлеуметтану кафедрасының мұғалімі Муханова Ж.С.

Әр әлеуметтік мәселені зерттеу нәтижесінде жазылған жұмыстың басым көпшілігінде кіріспесі қоғамның үздіксіз даму ортасы екендігінен басталады. Яғни қазіргі таңдағы көрініс беретін әр түйткілдің арты жаңа қоғам өзгерісі, жаңа тарих нәтижесі тұрғанына келіп тірелмек. Біз талдағалы отырған дерттің не керсінше айтар болсақ ұрпақтар жемісінде бұл көзқарастан алыс кетпегені анық. Әрбір 15-20 жыл сайын болмысы жаңаратын ұрпақтардың елге, әлемге үлкен әсер беретінін түсіну қиын емес. Әуелі тың қызығушылықтарымен мәдениеттің жаңа бейнесін қалыптастырса, кейін экономика мен саясатты да өзгеріссіз қалдырмайды. Мысалы, миллениалдар мен зумерлердің жұмыстағы іс-әрекеттеріндегі айырмашылықтары жайлы қазір көп айтылуда, түрлі подкасттар, әлеуметтік желілерде жүрген қысқаша әзіл ретінде түсірілген бейнероликтер немесе осы жайлы шағын посттар. Осылайша уақыт алмасуының дәл осындай көріністері цифрлық дәуірде тіптен айқын байқалуда. Технологияның көзді ашып жұмғанша жаңаруы, сол арқылы ақпарат ағынының да көз ілеспес жылдамдық алуы, барлық әлеуметтік желілердің ықпалы- жастардың ойлау жүйесін өзгертті делік, сонымен қатар аға буынның да тұрақтылыққа өне бойы қалыптасқанын жоққа шығара алмаймыз. Бұл әр кезеңнің алға қояры әртүрлі дегенді білдірмек. Бастапқыда тәртіп-тәжірибесімен маңызды болған кезеңді кейін жаңашылдық маңызы артар кезең орнын алмастырады. Бірі «бұрын бәрі басқаша еді, біздің кезімізде...» деп өткенді үлгі етсе, екіншісі «заман өзгерді, мода басқа» деп жаңашылдықты жақтамақ. Ендеше «жастар мен үлкендер арасындағы көзқарас алшақтығы шынайы қайшылық па, әлде қоғам дамуының заңды, эволюциялық кезеңі ме?» деген сұрақ туындайды.

Әр мәселенің шешімін табу үшін алдымен мәселенің пайда болу себептерін айқындаған жөн. Бұл қайшылықтардың әр буынның ерекшелігіне байланысты қалыптасқан десекте, оның ішінде бірнеше фактордың бары адам назарынсыз қалмауы тиіс. Негізгі себептерді тізіп өтсек:

- Технологиялық даму (интернет, әлеуметтік желілер, цифрлық орта).
- Білім мен ақпаратқа қолжетімділіктің артуы.
- Қоғамдық-саяси өзгерістер.

- Тәрбие мен құндылықтар жүйесіндегі айырмашылықтар.

Ұрпақтар арасындағы айырмашылық ең алдымен уақыт айырмашылығымен байланысты. Әр буын әртүрлі тарихи кезеңде қалыптасады. Аға буын кеңестік жүйені, өтпелі кезең қиындықтарын, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарын бастан өткерсе, бүгінгі жастар тәуелсіз, цифрлық, жаһанданған қоғамда өсіп келеді. Осы оқиғалар сол кезгі буынның дүниетанымына, көзқарастарына тікелей әсер етеді. Нақты дәлел келтірейік.

Ең алдымен Ю.А.Левада келтірген Ресейлік оқиғалар жиының топтауын қарастырамыз [1].

Юрий Левада ХХ ғасырдағы ұрпақтар қатарын Ресей тарихындағы шешуші, бетбұрысты кезеңдерде қалыптасқан алты когортаға бөліп көрсетеді:

- 1930–1941 жж. – «сталиндік» мобилизациялық жүйе кезеңі;
- 1941–1953 жж. – соғыс және соғыстан кейінгі кезең;
- 1953–1964 жж. – «жылымық» кезеңі;
- 1964–1985 жж. – тоқырау кезеңі;
- 1985–1991 жж. – «қайта құру» кезеңі;
- 1991 жылдан кейінгі кезең – посткеңестік трансформация уақыты.

Хоув пен Штраустың пікірінше, әлеуметтік ұрпақ – бұл бір жиырма жылдық аралықта дүниеге келген және үш ортақ белгіге ие адамдар жиынтығы:

1. тарихтағы жас ерекшелік орны (яғни бірдей тарихи оқиғаларды шамалас жаста бастан кешіруі);
2. ортақ сенімдер мен мінез-құлық модельдері;
3. өзін белгілі бір ұрпақтың мүшесі ретінде сезінуі [2].

Ұсынылған модельді Ресейдің хронологиясына психолог Евгений Шамис пен психолог Алексей Антипов бейімдеді [3].

Олар ресейлік азаматтар үшін маңызды болған жаһандық және жергілікті оқиғаларды бөліп көрсетіп, сол оқиғалардың белгілі бір ұрпақ (когорта) құндылықтарының қалыптасуына қалай әсер еткенін анықтады. Кестеге назар салсақ (1-кесте):

1-кесте- Ресей хронологиясының моделі

GI ұрпағы (1900–1923) — «Жеңімпаздар»	Үнсіз ұрпақ (1923–1943)	Бэби-бумерлер (1943–1963)	X ұрпағы (1963–1983)	Y ұрпағы (1983–2003) — Миллениалдар	Z ұрпағы (2003 жылдан кейін)
Оқиғалар: 1905 және 1917 жылдардағы революция Ұжымдастыру	Оқиғалар: Сталиндік репрессиялар Екінші дүниежүзілік соғыс	Оқиғалар: Ғарышты игеру КСРО – супердержава «Жылымық» кезеңі	Оқиғалар: «Қайта құру» Ауған соғысы	Оқиғалар: КСРО ыдырауы 2008 жылғы дағдарыс Әскери қақтығыстар	Оқиғалар: Толық цифрлану дәуірі
Құндылықтар: Еңбекқорлық Идеологияға беріктік Үстемшілдік, қатаңдық	Құндылықтар: Төзімділік Билікке адалдық Борыш сезімі Үнемшілдік	Құндылықтар: Идеализм Оптимизм Жастық рух Жұмыс пен мансап	Құндылықтар: Таңдау еркіндігі Жаһандық көзқарас Өмір бойы білім алу	Құндылықтар: Өзгеріс Оптимизм Өзін-өзі сенімділік Қарапайымдылық	Құндылықтар: Сандық технология Жылдам ақпарат Жаңа ойлау

Тәуелсіздік алғанға дейінгі Ресей құрамында болған Қазақстанның хронологиясында да осы оқиғалармен ұштасқан, тек тәуелсіздік жылдарынан кейін тағы ұрпақтардың дүниетанымына әсер ететін оқиғалар орын алды. Бұл кесте, оқиғалар тізбегі және т.б. ақпараттар ұрпақтардың өзгерткен бірінші фактор болып табылады.

Келесі факторға көшетін болсақ, технологияның дамуының екі ұрпақ арасындағы қайшылыққа тигізер себеп-салдарын талдануы керек.

Олардың саяси көзқарастары сайлау жүйесіне ықпал етіп, заңнаманың, ішкі және сыртқы саясаттың өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, олардың неке құру көрсеткіші мен туу деңгейі

елдің демографиялық тепе-теңдігіне ықпал етіп, жас жұмысшылардың аға буынды толық алмастыра алу-алмауын айқындайды [4]. Бұл Жан Твендждің (Jean Twenge) «iGen» зерттеуінің үзіндісінен келтірдім. iGen кітабында Jean Twenge қазіргі қоғамның басым бөлігін өзіне тәуелді еткен технологиялардың жасөспірімдер мен жастар өміріне ықпалының артықшылықтары, кемшіліктері және салдарын кеңірек қарастырады. Ол зерттеуінің арқасында қазіргі таңда ұрпақтар арасындағы алшақтық бұрын-соңды болмаған деңгейде күшейгенін атап өтеді де, сол себепті ата-аналар, педагогтер және жұмыс берушілер жаңа ұрпақты түсінуге ұмтылуда деген түйін жасайды.

Твендждің қорытындылары жалпы ақпарат көздерінде төрт дерекқорға негізделген делінген: «Monitoring the Future», «Youth Risk Behavior Surveillance System», «Freshman Survey» және «General Social Survey». Бұл зерттеулердің нәтижесі зумерлерге сандық және сапалық сұрақтар қойылып, технологиямен өзара әрекеттесу оларды аз бүлікшіл, неғұрлым төзімді, бақытсыз немесе ересек өмірдің қиындықтарына төзімсіз етті ме деген сұрақтың жауабын анықтады.

Сонымен қорытындылай келе, технология – тек құрал емес, тұтас ұрпақтың мінез-құлқын, қоршаған ортаға деген танымын және қоғамның жылжу бағытын қалыптастыратын қуатты фактор. Осылайша екінші фактор iGen зерттеу жұмысы арқылы талданды.

Екінші фактормен тығыз байланысатын үшінші фактордың талдануы үшін ҚР Президенттері Н. Назарбаев Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезеңдерін салыстыру жеткілікті. Н. Назарбаевтың білім жүйесіне енгізген өзгерістері- тұрақтандыруға негізделген. Мысалы, білім берудің құрылымы нақты белгіленді, білім стандарттары бекітілді. Яғни басты акцент- тұрақтылық, жүйелілік, сапаны бекітуге қойылған. Келесі қазіргі ҚР Президентінің енгізулерінен «Жаңа Қазақстан» арқылы жаңашылдыққа бет бұруларды байқаймыз. Яғни, ғылыми зерттеулердің қаржыландыруды күшейтіп, жас ғалымдарды қолдауы, цифрландыруды күшейтуі бар екінің ашықтыққа қойылғанын байқаймыз.

Ең көп талқылауға негіз бола алатын, уақыт факторымен тұспа-тұс әсер ететін қоғамдық-саяси өзгерістердің ықпалы. Ең бірінші мына қызықты ақпараттан бастайық. Барлық United States President лауазымына 1992–2016 жылдар аралығында сайланған адамдар бэби-бумер буынына жатты.

Сонғы, әрі маңызы бір мақаланың тақырыбы бола алатын факторды талқылайық. «Жастар арасындағы құндылықтар өзгерісі» дейтін мақаланың негізгі мазмұнын құра білетін тәрбие, мәдениет пен құндылықтар жүйесіндегі айырмашылықтар факторы. Ең бірінші мәдениеттің әртүрлі буын арқылы құрылған түрлер туралы жазылған мақалада былай делінген:

М. Мидтің пікірінше, 1960-жылдардағы бүлікшіл буын дәл осы үшінші – префигуративті мәдениетке жатады. Сондықтан бұл кезеңде ұрпақтар арасындағы дәстүрлі байланыс әлсіреп, үзіліске ұшырайды.»

Ал тәрбие мен жастардың қазіргі таңдағы құндылықтарын тағы да бумерлер буынынан бастайық, себебі индивидуализмнің басы осы сәттен бастау алып, күшейген болатын. Толығырақ төменде:

1960-жылдардың басында америкалық мәдениет ұжымшыл болды, ал 60-жылдардың соңына қарай ол индивидуалистік сипатқа ие болды. Әрбір келесі онжылдықта индивидуализмге деген үрдіс күшейе түсті. People журналы жазғандай: «60-жылдары біз әлемді өзгерткіміз келді. 70-жылдары өзімізді өзгертуді шештік». Self-help әдебиеті жеке жанр ретінде қалыптасты, бумерлер мен «үнсіз буын»-ға киімдегі ашық, психоделикалық түстер көпшіліктен ерекшеленуге көмектесті. 1980-жылдары бумерлердің индивидуализмі жеке тәжірибе, өзін-өзі білдіру және өзіне сенімділікке қарай көш бастады. Бумерлер барлық тақырыпты ашық айту керек деген идеяның бастамашылары болды — соның ішінде депрессия және тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы да. Time журналы атап өткендей, Опра «өз болмысында өзін өте жайлы сезінетін». Мұны көптеген бумерлерге де қатысты деп айтуға болады.

Себептері арқылы толық зерттелген мәселенің ендігі кезекте көрініс табатын салаларына шағын сөз келтірсек. Айқын байқалатын негізгі салаларды назарларыңызға ұсынамын.

«Болашаққа өнер сені асырай алады ма? Не ұстаз, не дәрігер боласың» деген сынды үлкен аға буыннан естігендер аз емес екені күмәнсіз. Себептің басы- әдеттегідей тұрақтылық, тұрақты табыс, сенімді болашақ. Ал қазіргі жастардың аға буын түсінбейтін немесе маңызды деп санамайтын жұмысқа қабілеті де, қызығушылығы да зор мамандық таңдайтындары көп. Олар IT, блогинг, дизайн, маркетинг, стартап сияқты жаңа салалар. Жастар үшін мамандық тек табыс көзі емес, өмірінің мәнді болуының бір себебі.

Келесі саласы, ұрпақтар арасындағы айырмашылықтың ең көзге көрінетін белгісі – киім. Яғни аға буынға тән классикалық, ұстамды стильді, жастардың ерекше, еркін, батыл стильдері бір түйткілдің басы.

Келесі сала кіріспенің басты мысалына айналған тіл мен дәстүр. Алдыңғы ұрпаққа мәдени мұраның жалғасуын сақтау өте маңызды, жастарға өзгерісті қолдау ақылға қонымды.

Қорытындылау үшін басында қойылған сұраққа қайта оралайық. Сөз соңы түйткілдің көрінер тұстарынан біткен соң, бұл мәселе шынымен дау, қайшылық іспеттес болып көрінуі мүмкін. Бірақ мәселенің пайда болу себептерін қарасаңыз, бұл тек әлемнің, жер бетіндегі қоғамның жай ғана дамуының заңды, эволюциялық кезеңі екенін аңғарасыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Левада Ю. А. Поколенческий ряд XX века // *Ищем человека: социологические очерки, 2000–2005* [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.livelib.ru/book/166525/readpart-ischem-cheloveka-sotsiologicheskie-ocherki-20002005-yu-a-levada/~15> (дата обращения: 26.02.2026).
2. Теория поколений Штрауса — Хау // *Википедия* [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Теория_поколений_Штрауса_—_Хау (дата обращения: 26.02.2026).
3. Серова Е. От молчаливых до игривых // *Московская правда*. – 2004. – 19 окт. – № 195 [Электронный ресурс]. – URL: <https://rugenerations.su/2009/04/30/от-молчаливых-до-игривых/> (дата обращения: 26.02.2026).
4. Twenge J. M. *Generations: The Real Differences Between Gen Z, Millennials, Gen X, Boomers, and Silents—and What They Mean for America’s Future*. – New York: Atria Books; Simon & Schuster, 2023. – URL: <https://www.paranteza.info/post/twenge-generations-3-baby-boomers> (accessed: 26.02.2026).

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯ: ДЕМОКРАТИЯ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАУІПТЕРІ

Әзімбай Ж.Ж

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан
e-mail: azimbajzhanerke8@gmail.com

Ғылыми жетекші- т.ғ.к, қауымдастырылған профессор
Жумасултанова Г.А

Қазіргі заманда саясат пен технология бір-бірінен ажырамас құбылысқа айналды. ХХІ ғасырдың басты ерекшелігі – ақпараттық кеңістіктің ғаламат қарқынмен дамуы және жасанды интеллекттің (ЖИ) өмірдің барлық саласына енуі. Бұл өзгерістер тек экономикалық немесе әлеуметтік қатынастарға ғана емес, сонымен қатар саяси процестер мен коммуникация жүйесіне де тікелей ықпал етуде. Саяси коммуникация-билік пен қоғам арасындағы өзара байланыс, ақпарат алмасу және қоғамдық пікір қалыптастыру тетігі. Бұрын мұндай байланыс көбіне дәстүрлі БАҚ арқылы жүзеге асқан болса, бүгінде әлеуметтік желілер, онлайн платформалар мен цифрлық жүйелер басты арнаға айналды. Жасанды интеллект осы процестерді жаңа деңгейге шығарып, ақпаратты талдау, тарату және бақылау құралдарын жетілдірді. М.Кастельс атап өткендей «Билік адам санасында мағынаны құру арқылы жүзеге асады» [1, б.425], ал Л.Флориди сөзінше: «ЖИ жүйелері ақпаратқа қол жеткізуді көбейтіп, біз не білетінімізді ғана емес, қалай білетінімізді де қалыптастырады» [2, б.78]. Осыдан ЖИ азаматтардың саяси шешім қабылдауына да ықпал ететінін көрседі.

Алайда, технологиялық жетістіктермен бірге жаңа қауіптер де туындады. Ақпараттың манипуляциялануы, фейк жаңалықтардың таралуы, дербес деректердің жиналуы сияқты мәселелер демократиялық қоғам үшін елеулі сын-қатерге айналып отыр. Сондықтан, саяси салада ЖИ-ды қолдану мәселесін тек техникалық тұрғыдан емес, этикалық және құқықтық қырынан да қарастыру маңызды.

Бұл мақалада жасанды интеллект дәуірінде саяси коммуникацияның жаңа формалары талданады. Сонымен қатар, ЖИ-дың демократиялық процестерге тигізетін оң және теріс әсерлері сараланып, халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген шешімдер ұсынылады. Еуропалық Парламент мәлеметтері бойынша: «Егер дұрыс реттелсе, ЖИ технологиялары негізделген саясат жасауға және үкіметтік ашықтықты арттыруға қолдау көрсете алады» [3, б.12]. Демек, жасанды интеллект дәуіріндегі саяси коммуникация - бұл екі қырлы құбылыс. Бір жағынан ол демократиялық мәдениетті жетілдіруге және халықтың саяси белсенділігін